

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ ЖӘНЕ АУДАРЫЛУЫ

*Досымбекова Р.О.¹, Джельдыбаева Р.Б.², Нұржаубек А.³, Ибраимова А.Р.⁴

¹PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан,
e-mail:rauan-d@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

² фил.ғыл.канд., доцент, Абылай хан атындағы
ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан,
e-mail: nawrao@mail.ru

³ магистр, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
Шығыс тілдерінің аударма кафедрасының аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан,
e-mail:nurzhaubek-ainur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6097-0891>

⁴ докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
қытайтану кафедрасы, Алматы, Қазақстан,
e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5487-8765>

Аңдатпа. Бұл мақалада қытай тіліндегі сөзжасам және аударма мәселелері, оның ішінде қытай тіліндегі медициналық терминдердің жасалу жолдары және оларды қазақ тіліне аудару барысында кездесетін қиындықтар баяндалады. Сонымен бірге қытай тілінің терминологиясына қатысты сөзжасамның негізгі әдістері қарастырылып, сөзжасамдағы грамматикалық байланыстың түрлері сараланады. Лексикалық кешен компоненттерінің арасындағы грамматикалық байланыстардың бес типі атап көрсетіліп, олардың әрқайсысы жеке-жеке мысалдармен түсіндірілді.

Қазіргі қытай тілі сөзжасам жүйесінде аффиксация арқылы сөз жасау ең көп қолданылатын әдіс түрі. Сонымен қатар аффикстерді негізгі морфемаларға біріктіруші тәсіл саналады. Мақалада терминжасамдағы аффикстердің рөлі жіктелді, термин сөздердің бірігуі арқылы қытай медицинасы саласына ену жолдары анықталып, жеке-жеке мысалдар келтірілді. Медициналық терминдердің жасалуы мен аударылуына байланысты келтірілген мысалдардың барлығы дерлік күрделі сөздерден, қысқартылған сөздерден тұрады.

Бүгінгі таңда медицинаның адам денсаулығы мен өмірі үшін маңыздылығына байланысты зерттеуді қажет ететін ғылымдардың қатарында. Адам денсаулығына қатысты материалдар кез келген елдің экономикалық және саяси жағдайына қарамастан өзекті болып табылады. Медициналық терминологияны аударғанда маман осы салаға қатысты бірқатар сөзжасамдық ерекшеліктерді біліп, ескеруі қажет. Медициналық терминдердің номинациясын және аудармасын зерттеу көптеген қолданбалы мәселелерді шешуге ықпал ете отырып, сапалы аударма жасауға ықпал етеді.

Медицина лексикасы жайлы зерттелген еңбектер жеткілікті. Дегенмен, біздің мақсатымыз – терминдер мен лексикалық бірліктерді және олардың семантикасын, жасалу түрлерін сауатты меңгеру. Сондықтан зерттеу барысында жиналған тұжырымдамалар мен нәтижелер терминжасамның ең өнімді тәсілдері мен әдістерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында қытай тіліндегі медицина терминдерінің этимологиялық және семантикалық аспектері, морфологиялық және синтаксистік құрылымы қарастырылды. Жұмыс барысында айтылған тұжырымдар аударма процесін жеңілдетуге септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері қытай тілі медицина терминологиясын, қытай тілі филологиясы және аударма саласын зерттеуші мамандарға пайдасын тигізеді. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарының «шетел филологиясы (шығыс тілдері)» және «аударма ісі (шығыс тілдері)», «шығыстану» мамандықтарының студенттері және қытай тілі оқытушыларына арналған.

Тірек сөздер: қытай тілі, медицина термині, компонент, қытай медицинасы, сөзжасам, семантикалық әдіс, аударма, аффикс, суффикс

Негізгі ережелер

Бүгінгі таңда медицина адам денсаулығы мен өмірі үшін маңыздылығына байланысты зерттеуді қажет ететін ғылымдардың қатарында. Адам денсаулығына қатысты материалдар кез келген елдің экономикалық және саяси жағдайына қарамастан өзекті болып табылады. Медициналық терминологияны аударғанда маман осы салаға қатысты бірқатар сөзжасамдық ерекшеліктерді біліп, ескеруі қажет. Медициналық терминдердің номинациясын және аудармасын зерттеу көптеген қолданбалы мәселелерді шешуге ықпал ете отырып, дұрыс аудармаға қол жеткізуге бағытталады.

Кіріспе

Қоғамдағы медицина саласының үздіксіз дамуы сөздік қордағы терминологиялық лексиканың көбеюіне ықпал етіп, зерттелетін объектілердегі аталымдардың тұрақты дамуына мүмкіндік береді. Әртүрлі ғылым салаларындағы терминдер санының өсуі тілдегі жиі қолданылатын сөздер санының мөлшерінен асып түседі, сондықтан арнайы лексиканы зерттеу қажет.

Өзге халықтың медицинасынан ерекшеленетін өзгеше қытай медицинасы Ежелгі Қытайда пайда болып, бүгінге дейін өз дамуын тоқтатқан жоқ. Тек XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап, қытай медицинасының әдістері батыс дәрігерлерінің арасында кеңінен таралып, сол әдістерді қолданатын медициналық орталықтар, кәсіптік бірлестіктер ашыла бастады. Барлық халықтар үшін бірыңғай терминологиялық жүйенің болмауы, басқа ұлттардың қытай медицинасын зерттеуіне қиындықтар туғызды.

Қазіргі таңда қытай медицинасына, денсаулық сақтаудың және салауатты өмір салтының философиялық аспектілеріне қызығушылық арта түсті. Алайда қытай тіліндегі медицина терминдерінің толық зерттелмеуі және нақты классификацияның болмауы үлкен мәселеге айналып отыр.

Барлығымызға белгілі иероглифтердің көп мағыналы болуы және қытай тіліндегі терминдердің метафоралық сипатта қолданылуы қытай медицинасын зерттеушілер үшін үлкен мәселеге айналды. Бұл мәселенің шешімі біртұтас Әлемдік терминологияның қалыптасуымен тікелей байланысты.

Қытай медицинасының терминологиясы батыс медицинасынан мүлдем бөлек. Бұл ең алдымен қытай тілі құрылымының өзіндік ерекшелігіне және адам ағзасына деген батыстық көзқарас пен емдеу әдістерінің өзгешелігіне байланысты. Аталған тақырыптың өзектілігі қытайдың медицина терминдерін талдау және аудару қажеттілігіне, бірыңғай терминологиялық базаның толық қалыптаспауының қиындығына байланысты. Қазақстан мен

Қытайдың тығыз қатынастары мен достығының арқасында жыл сайын отандық туристер қытайдың емдеу әдістеріне қызығушылық танытып келеді. Сондықтан дәрілік нұсқаулықтарды және қытай медицинасының терминологиясын аудару өте маңызды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қытай тіліндегі медициналық терминдерді қазақ тіліне аударуда кездесетін қиындықтар және олардың жасалу жолдары туралы мақала жазу барысында Флорова О.П., Ахметов М., Қалибекұлы Т., Семенас А.Л., Сы Хуайчжу, Горелов В.И., Ма Хуа сынды ғалымдардың еңбектері мен Т. Момынов, А. Рақышев, Г. Ақжігітовтің авторлық бірлестікте жазған «Ағылшынша-қазақша медициналық сөздігі» сонымен қатар «中医名词词典», «简明汉俄中医辞典» және «汉俄医学大词典» атты сөздіктер басшылыққа алынды. Республикадағы алғашқы зерттеушілер қатарында қазақ тілінде Ішкі аурулар пропедевтикасына арналған оқу құралын жазған профессор Қ.А. Жаманқұлов және медициналық терминдер туралы оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз еткен профессорлар Қ.Д.Дүйсенов, Қ.О.Қасенов, К.И.Исмағұлов, О.Ш.Шаихиев сияқты ғалым-оқытушылардың еңбегін де атап өтуге болады. Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі, Алматы, 2009). жинақтау, салыстыру, сипаттау, топтау әдістерін қолдандық. Терминдер жаппай іріктеу тәсілі арқылы жинақталды. Сондай-ақ, медициналық терминдердің жасалуы және аударылуы тілдік деректерді дефинитивтік талдау, морфологиялық-синтаксистік, лексика-семантикалық талдау әдіс-тәсілдері арқылы зерттелді.

Талқылау

Медициналық терминологияны зерттеу – жалпы медициналық лексиканы зерделеу болып табылады. Кейбір зерттеушілер дәстүрлі медицинаның әдістерін заңсыз (нетрадиционный), ал ғылыми медицинаның әдістерін дәстүрлі деп санайды. Бірақ Т.С. Сорокинаның көзқарасы бойынша былай: белгілі бір халықтың дәстүр-салтына байланысты пайда болмаған әдістер дәстүрлі әдіс болып саналмайды, бұл әдістер – ғылыми тәжірибелердің нәтижесінде гипотезалар мен концепция ұсыну арқылы ғылыми дәлелденген әдістер.

Қытай тіліндегі медициналық терминология келесі бөлімдерді қамтиды:

1. Дәстүрлі қытай медицинасының терминологиялық қабаты;
2. Басқа халықтардың медицинасынан енген кірме сөздер;
3. Медициналық терминологияға басқа ғылымдардың

терминологиясынан кірген сөздер.

О.Р. Очировтің «Аурулардың халықаралық классификациясы» атты зерттеу еңбегінде 50 000-нан астам ауру атаулары және 80 000-нан астам дәрі-дәрмек атаулары бар. Алайда, медицина саласындағы терминдер саны тұрақты түрде бекітілмеген себебі, медициналық терминология жаңа терминдермен үнемі жаңарып отырады. Мысал ретінде Дүниежүзіне таралған «коронавирус»

індетін айтсақ болады. Қытай медициналық терминологиясында осы ауруға қатысты жаңа терминдер және терминологиялық жүйелер пайда болды. Мысалы, 新型冠状病毒 [xīnxíng guānzhhuàng bìngdú] – «коронавирустың жаңа түрі» (新型 (xīnxíng) – «жаңа түр» + 冠状 (guānzhhuàng) «тәж» + 病毒 (bìngdú) – вирус).

Айта кететін жайт, «коронавирус» сөзі ағылшын тілінен семантикалық жолмен енген термин болып саналады. Осы терминмен байланысты басқа да сөздерден мысал келтірсек:

- 武汉冠状病毒 (wǔhàn guānzhhuàng bìngdú) – «уханьдық коронавирус»;
- 新冠病毒检测 (xīngguān bìngdú jiǎncè) – «коронавирусты анықтауға арналған тест»;
- 新冠病毒阴性检测证 (xīngguān bìngdú yīnxìng jiǎncè zhèngmíng) – «коронавирусқа теріс сынақ есебі» [1, 93 б.].

Бұл жөнінде тілтанушы А.Ю. Иванов «Ғылым тілінің терминологиялық қорын толықтырушы құрал – сөзжасам» деп оң тұжырымдама жасады.

Зертеуші ғалым О.П. Фролова қазіргі қытай тілінде терминжасамның негізгі үш жолын атап көрсетеді [2, 40 б.].

1) Терминологизация (жалпыға ортақ сөзде арнайы мағынадағы сөз қабылдау). Мысалы, 紧张 [jǐnzhāng] *шиеленіс, уайым, қобалжу* деген медицина саласында кең тараған сөз - *тонус*; 核 [hé] *дәннің сүйегі*, медицинада - *қатаю (затвердение)* деген мағынада қолданылады.

2) Аффикс, жалғау, қысқарту, сонымен қатар тұрақты тіркестер арқылы күрделі терминдер жасау. Мысалы, 避温生物 [bìwēn shēngwù] *термофобтар*; 变态反应 [biàntàifānyìng] *аллергия*, 口眼歪斜 [kǒuyǎn wāixié] *бет жүйкесінің салдануы*.

3) Шет тілдерден енген кірме сөздер. Мысалы, фонетикалық кірігу 荷尔蒙 [hè'ěrméng] *гормон*; 海洛因 [hǎiluòyīn] *героин*; 阿司匹林 [Āsīpílin] *аспирин*.

Атаулы сөздерден терминдер жасалады, бірінші кезекте, барлық терминологияның басым бөлігін құрайтын зат есімдерді айтсақ болады. Алайда, зат есімнен жасалған терминдер терминологиялық сөздік қорға ене алмайды. Өйткені жалпы тілдің бөлігі бола отырып, терминологиялық жүйе тек номинация талаптарына жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми ұғымдар арасындағы түрлі қатынастар мен байланыстарды білдіру мүмкіндігіне ие болуы керек [3, 46 б.].

Терминологияда сапалық сын есімдер негізінен сөздің негізгі бөлігі, яғни терминнің бөлігі немесе термин-сөз тіркесін атқарады.

Мысалы, 生理状态 [shēnglǐ zhuàngtài] *физиологиялық күй*, 扁平足 [biǎnpíngzú] *жалпақ табан*, 生理适应 [shēnglǐ shìyìng] *физиологиялық бейімделу*, 生态分歧 [shēngtài fēnqí] *экологиялық диверсия*.

Қытай терминологиясындағы сандар математикалық есептеуде сандық қатарларда және сандық комбинацияларда қолданылады, мысалы, 二倍减 [Èr bèi jiǎn] *моносомалық диплоид*, 三焦 [sānjiāo] *үштік оттық мүшесі (тройной*

горелки) (қытай медицинасы) мысалы, 第二分裂中期 [dì èr fēnliè zhōngqī] екінші метафаза, сонымен қатар зат түріндегі сан: 伦琴 [lúnqín] рентген (сәулелену дозасының бірлігі), 三叉神经 [sānchā shénjīng] үштік нерв, 二头肌 [èrtóujī] екібасты иық бұлшық емі, 二尖瓣 [èrjiānbàn] қос жармалы қақпақша.

Етістіктен жасалған терминдер іс-әрекеттің немесе процестің арнайы түсініктерін білдіреді. Етістік терминдерінің қатарына зат есім терминдерінен құралған етістіктер жатады: 再生 [Zàishēng] қалпына келу, 麻醉 [mázuì] жансыздандыру, 突变 [túbiàn] мутация, мутациялау.

Біріккен компоненттер грамматикалық тұрғыдан өз алдына зат есімді, етістікті және сын есімді болып бөлінеді. Оларды ағылшын алфавитіндегі бас әріптермен N (noun-зат есім), V (verb-етістік), A (adjective-сын есім) белгіленеді. Лексикалық кешен компоненттерінің арасындағы грамматикалық байланыстардың бес типтің көрсетуге болады.

Бірінші – атрибутты (анықтауышты) (I) бұнда бірінші компонент екінші компонентті анықтайды.

Екінші – копулятивті (II) бұнда компоненттер тең дәрежеде болады.

Үшінші – етістікті-толықтауышты (III) бұнда бірінші компонент екінші компонентке бағытталған әрекетті білдіреді

Төртінші – етістікті-нәтижелі (IV) бұнда екінші компонент бірінші компонент әрекетінің нәтижесін білдіреді.

Бесінші – бастауышты-баяндауышты (V) бұнда бірінші компонент бастауышты білдірсе, ал екіншісі оның әрекетін немесе жағдайын білдіреді.

Әдетте байланыс типтері рим сандарымен белгіленеді. Лексикалық кешендердің компоненттері арасындағы семантикалық қатынастарды сипаты бойынша, байланыстардың тең дәрежелі типін анықтауға болады [4, 39 б.].

Күрделі терминдердің сөзжасамы барысында мыналар пайда болады:

1. Атрибутивті түріне сәйкес заттық элементтердің жасалуы:

肾区 [shèn] -бүйрек = [qū] -zone = бүйрек аймағы;

肌病 [jī] – бұлшық ет + [bìng]-ауру= миопатия.

Осы модельдің көмегімен терминді сөз тіркестер де жасалуы мүмкін:

神经官能 [shénjīng] -жүйке жүйесі + [guānnéng] -функция = невроз;

化学疗法 [huàxué] - химия + [liáofǎ] - емдеу әдісі = химиотерапия.

Бұл қытай тілінде жиі қолданылатын сөзжасам модельдерінің бірі.

2. Атрибутивті байланыс бойынша сын есім мен заттық элементтердің тіркесуі: 黑素 [hēi] -қара + [sù] -element =melanin;

坏死 [huài] -бұзылған + [sǐ] -өлім = некроз;

黄疸 [huáng] -сары + [dǎn] –сары ауру = сары ауру;

3. Атрибутивті байланыс түрі бойынша субстантивті элементпен бірігуі:

烧心 [shāo] -жану + [xīn] – өзегі, орта, кіндігі = күйік;

贫血 [pín] -жетпеу, жеткіліксіз + [xuè] -қан = қан аздық, анемия;

抽筋 [chōu] – жиырылу, қысу + [jīn] – бұлшық ет = тартылу, судорога.

4. Копулятивті байланыс бойынша субстантивті элементтердің жасалуы:

胞质 [bāo] –жасуша, клетка + [zhì] -қасиет = цитоплазма;

火眼 [huǒ] -от + [yǎn] -көз = *асқынған конъюнктивит, көз ауруы*;

火气 [huǒ] -от + [qì] -күш = *ішкі ыстық (қытай мед)*.

Қытай тілінде осы модельдің көмегімен дәстүрлі қытай медицинасының көптеген терминдері, сонымен қатар термин-сөз тіркестері де жасалған:

脉诊 [mài] -пульс + [zhěn] -диагностика = *импульс арқылы диагностика*;

穴位 [xué] - тірі нүктелер + [wèi] - орын = *акупунктура (ине) нүктелерінің орналасуы, ине салу нүктелері*.

5. Копулятивті байланыс бойынша адъективті (сын) элементтердің жасалуы (антонимдік, синонимдік немесе ассоциативті элементтердің қосылуы):

寒热 [hán] -суық + [rè] -ыстық = *қызу, лихорадка*;

厚薄 [hòu] -қалың+ [bó] -жұқа = *қалыңдық, қалыңдығы*.

6. Копулятивті байланыс бойынша етістікті элементтердің жасалуы:

烫伤 [tàng] - күйдіру + [shāng] – *жарақаттау* = *күйік*,

抑郁 [yì] - қысу, басу+ [yù] –*қайғыру* = *депрессия*.

7. Етістікті және заттық элементтердің етістіктілі-объектілі байланысудың нәтижесінде:

换药 [huàn] -*ауыстыру* + [yào] -*дәрі* = *таңу, дәрі ауыстыру*.

失血 [shī] - *жоғалту* + [xuè] - *қан* = *қан жоғалту, қан кету*.

8. Субъективті-предикативті байланыс түрі бойынша заттық элементтің етістікпен немесе сын есіммен байланысы:

头晕 [tóu] - *бас* + [yūn] -*айналу* = *бастың айналуы*;

气喘 [qì] -*ауа* + [chuǎn] -*тұншығу* = *астма*;

针灸 [zhēn] -*ине* + [jiǔ] -*күйдіру* = *ине салу, акупунктура*.

Нәтижелер

Қазіргі қытай тілінің терминологиялық сөзжасамында аффиксация арқылы сөз құрау екінші әдіс болып саналады және аффикстерді негізгі морфемаларға біріктіруші деп есептеледі [5, 92 б.]. Бұл мақалада аффиксті терминдер іс-әрекетті, қасиетті, процесті, объективтілікті, сипатты, сапаны білдіруші топтарға жатқызады. Сонымен медициналық терминдерді жасауда ең көп кездесетін жұрнақтарды жүйеледік:

1. Терминжасамдағы 头 [tóu] жұрнағы (суффикс) нақты бір ұғымды, адам денесінің бір бөлігін білдіреді:

舌头 [shétou] *тіл*, 尺骨头 [chǐgǔtóu] *шынтақтың басы*, 针头 [zhēntóu] *шприц инесі*; 骨头 *сүйек*.

2. 子 [zǐ] жұрнағы зат есімдердің жасалуында кең таралған:

痲子 [fèizi] *тері бөртпе*, 癩子 [hóuzi] *сүйел*, 腔子 [qiāngzi] *кеуде қуысы*;

者 [zhě] жұрнағы етістік түбірлерінен зат есім жасаушы жұрнақ:

带菌者 [dàijūnzhě] *тасымалдаушы, инфекцияны тасымалдаушы*;

痴呆者 [chīdāizhě] *әлсіз, ақылсыз*;

儿 [ér] жұрнағы алдыңғы морфемамен бірігіп кетеді:

孪生儿 [luánshēngér] *егіздер*, 胎儿[tāir] *ұрық, эмбрион*, 七星儿 [qīxīng'ér] *шала туған бала*;

性 [xìng] жұрнағы сипатты, табиғатты, қасиетті білдіретін зат есімдер жасайды, орыс тіліндегі -остқа сәйкес келеді:

抗药性 [kàngyào xìng] *қарсылық дәріге төзімсізділік (резистентность)*,

毒性 [dú xìng] *уыттылық, токсичность*;

慢性 [màn xìng] *созылмалы (ауру туралы), хронический*.

Жартылай суффикстерді арқылы жасалған терминологиялық номинацияға келетін болсақ, 剂 [jì] *дозаны немесе затты білдіретін термин жасаушы екенін көреміз:*

甘菊浸剂 [gānjújìnjì] *түймедақ сығындысы*, 防腐剂 [fángfǔjì] *антисептикалық құрал, бұзылудың алдын алатын ерітінді*; 利尿剂 [lìniào jì] *зәр айдағыш* деген сөздер жасалған [6, 48 б.].

Терминдердің сандық мөлшері 量 [liàng] және 率 [lǜ] жартылай жұрнақтарын қолдану арқылы жасалады, мысалы:

残气量 [cánqìliàng] *өкпенің қалдық көлемі*; 出汗率 [chūhàn lǜ] *терішеңдік*, 心率 [xīnlǜ] *жүректің соғу жылдамдығы*.

化 [huà] жартылай жұрнағы көп жағдайда орыс тіліндегі *-изацияға* сәйкес келеді:

黄铁矿化 [huángtiě kuàng huà] *пирит минералдануы*, 动脉粥样硬化 [dòngmài zhōuyàng yìng huà] *атеросклероз*; 肝硬化 [gǎn yìng huà] *бауыр қатаюы*.

炎 [yán] жартылай суффиксі қабыну деп аударылады, ауруды немесе инфекцияны білдіретін терминдер құрайды:

大脑炎 [dànnǎo yán] *энцефалит*, 扁桃体炎 [biǎntǎo tǐ yán] *тонзиллит*, 喉头炎 [hóutóu yán] *ларингит*.

症 [zhèng] және 病 [bìng] жартылай жұрнақтары ауру, сырқат, кесел, дерт дегенді білдіреді, мысалы:

缺氧症 [quēyǎng zhèng] *гипоксия, оттегінің жетіспеуі*, 肠胃病 [chángwèi bìng] *гастроэнтерит - асқазан ішек аурулары*, 肥胖症 [féipàng zhèng] *адипоз, семіздік*.

机 [jī], 仪 [yí], 器 [qì] жартылай суффикстерінің көмегімен механизмдерді, аппараттарды, биологиялық мүшелерді білдіретін терминдер жасалады:

电子血球计算机 [diànzǐ xuèqiú jìsuàn jī] *электронды гемоцитометр*; 电针仪 [diànzhēn yí] *акупунктуралық аппарат- электронды ине*.

体 [tǐ] жартылай жұрнағы организм, дене, зат тұрғысына қатысты терминдерде қолданылады:

晶状体 [jīngzhuàng tǐ] *линза, хрусталик*, 大脑垂体 [dànnǎo chuí tǐ] *гипофиз*, 病原体 [bìngyuán tǐ] *қоздырғыш, патоген*.

Жартылай жұрнақ 带 [dài] (аймақ, аймақ):

脐带 [qídài] *кіндік*, 韧带 [rèndài] *байлам, сіңір жасушасы*.

Затты, элементті білдіретін терминдер орыс тіліндегі -ин, -он -ға сәйкес келетін 素 [sù] жартылай жұрнақтан жасалатын терминдер:

氮霉素[dànméisù] *азомицин*, 干扰素 [gānrǎosù] *интерферон*, 赤霉素 [chìméisù] *гиббереллин*.

术 [shù] жартылай қосымшасы техникалық машық терминдерін құрайды:

剖腹产术 [pōufù chǎnshù] *кесір тiлiгi*, 穿刺术 [chuāncìshù] *пункция*, 导尿管 [dǎoniàoshù] *катетр салу, түтік сүңгі салу, катеризациялау*.

学 [xué] жартылай қосымшасы жеке ғылымдардың номинацияларын құрайды, орыс тіліндегі -логияға сәйкес келеді:

创伤学 [chuāngshāngxué] *травматология*, 癫痫病学 [diānxiánbìngxué] *эпилептология*, 病毒学 [Bìngdúxué] *вирусология*.

травматология, жартылай суффикс бөлім немесе секторды білдіреді:

小儿科 [xiǎo'érkē] *педиатрия*; 妇科 [fùkē] *гинекология*;

口腔科 [kǒuqiāngkē] *стоматология*, 牙科 *стоматология*; 内科 [nèikē] *ішкі аурулар, терапия*; 内科部 [nèikēbù] *терапия бөлімі*; 骨科 [gǔkē] *остеология-сүйек аурулары*; 接骨科 [jiēgǔkē] *ортопедия*; 外科 [wàikē] *хирургия*; 眼科 [yǎnkē] *офтальмология - көз аурулары бөлімі*.

法 [fǎ] жартылай жұрнағы әдісті, тәсілді білдіреді:

放射疗法 [fàngshèliáofǎ] *сәулелік терапия*, 抽管法 [chōu guǎnfǎ] *интубация*.

期 [qī] жартылай суффиксы белгілі бір уақыт кезеңін білдіреді:

产褥期 [chǎnrùqī] *пуэперальды (босанғаннан кейінгі) синдром*, 极期 [jíqī] *асқыну (аурудың асқынған кезеңі)* [6, 89 б.].

Жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан 门 [mén], 道 [dào] жартылай жұрнақтары үзінді, арнаны білдіреді:

内耳 门 [nèiěrmén] *ішкі есту саңылауы*, 呼吸道 [hūxīdào] *тыныс алу жолы*,

消化道 [xiāohuàdào] *асқазан-ішек жолдары*.

Жартылай жұрнақ 血 [xuè] - қан сөзіне қатысты терминдерді жасайды:

凝血 [níngxuè] *қанның ұюы*, 止血 [zhǐxuè] *гемостаз*, 贫血 [pínxuè] *анемия*.

家 [jiā] және 师 [shī] жартылай жұрнақтары қызмет атауларын анықтайтын терминдер тобын құрайды:

药剂师 [yàojìshī] *фармацевт*, 神经病学家 [shénjīngbìngxuéjiā] *невропатолог*, 眼科医师 [yǎnkē yīshī] *окулист*.

Қытай тілінде медициналық терминологияның сөзжасамында префикстер мен жартылай префикстердің саны (препозитивтік жартылай маңызды морфема) қолданыстағы суффикстер мен жартылай суффикстердің көлемінен едәуір аз болып келеді.

超 [chāo] жартылай префиксі өлшемнің, мөлшердің артықтығын білдіретін терминдер құрайды. Орыс тілінде сверх-, супер-, ультра-префикстеріне сәйкес келеді:

超基因: [chāojīyīn] *суперген*, 超病毒 [chàobìngdú] *ультравиррус*, 超个体 [chāogètǐ] *суперорганизм* [7].

微 [wēi] жартылай префиксі ұсақ, елеусіз мағынасындағы терминдерді құрайды, микро-ға сәйкес келеді:

微生物 [wēishēngwù] *микрорганализм*, 微血管 [wēixuèguǎn] *капилляр*,

微突变 [wēitūbiàn] *микромутация*.

反 [fǎn] және 抗 [kàng] жартылай префикстері терминдердің қарама-қарсы мағынасын құрайды, орыс тіліндегі анти-ге сәйкес келеді:

抗抑郁药 [kàngyùyuàoyào] *антидепрессант*, 反基因 [fǎnjīyīn] *антиген*,

抗胃脘酶 [kàngwèiwǎn] *антипепсин* [8].

Қытай медициналық терминологиясы теріске шығару, болымсыз формадағы терминдерді жасауда арнайы түр типіндегі күрделі сөздердің өзіне тән ерекшелігі, олардың бұрын қарастырылған барлық түрлер сөздерінен айырмашылығы, олар көмекші морфема мен толық мәнді морфеманың қосылуы нәтижесінде пайда болады. Күрделі лексикалық бірліктің құрамына кіретін көмекші морфеманың категориялық құрамына қарай (классификатор, предлог, теріс бөлшек) арнайы түрдегі лексикалық бірліктердің үш негізгі морфологиялық және семантикалық түрлері бар. Болымсыз формадағы сөздер осы үшінші түр арқылы жасалады: теріске шығару + зат, нысан. Морфологиялық сипаттамасы бойынша бірінші морфема - теріс бөлшек, екіншісі - зат есім немесе етістік (кейде сын есім). Олар 非[fēi], 无[wú], 不[bù], 未[wèi] префикстері арқылы жасалған сөздер:

非杂交 [fēi zájiāo] *гибридтік емес*; 色盲 [wúsè zhèng] *ахромазия -түс соқырлығы*, 不灵敏 [bùlǐngmǐn] *бейсезімтал*; 无望 [wúwàng] жоқ – үміт = үмітсіз, күдер үзген; 无疑[wúyí] жоқ – күмән = сөзсіз, шүбәсіз, күмәнсіз; 不安 [bù'ān] жоқ – тыныш = беймаза, тынышсыз.

Қытай тілінің медициналық лексикасында басқа тілдерден енген терминдердің де едәуір бөлігі бар. Медицинадағы таза фонетикалық тәсіл арқылы көп жағдайда, заттардың атауы жасалады: 奴佛卡因 [núfókǎyīn] *новокаин*, 夫南西林 [fūnánxīlín] *фурацилин*. Олардың көпшілігінде семантикалық мағына беру нұсқасы бар: 盘尼西林 [páníxīlín] және 青霉素 [qīngméisù] *пенициллин*, 因素林 [yīnsùlín] және 胰岛素 [yídǎosù] *инсулин*. Олардың кейбіреулері екі графикалық нұсқаға ие: 阿摩西林 [āmóxīlín] және 阿莫西林 [āmòxīlín] *амоксициллин* [9, 98б.].

Жартылай фонетикалық тәсіл шетел тіліндегі материалдарды қытай тілімен біріктіру арқылы қалыптасады:

爱克斯光 [àikèsīguāng] *рентген сәулелері* (爱克斯 [àikèsī] - ағылшын тілінен X + 光 [guāng] сәуле), 单宁酸 [dānníngsuān] *таннин қышқылы* (单宁 [dānníng] – ағылшынша таннин+ 酸 [suān] қышқыл), 阿兹海默病 [āzīhǎimòbìng] *Альцгеймер ауруы* (阿兹海默 [āzīhǎimò] *альцгеймер*+ 病 [bìng] *ауру*) [10].

Семантикалық тәсілдер шет тілінің сөзжасамдық әдістерін ескере отырып, шет тілінің құрылымдық-семантикалық модельдері негізінде

жасалады. Олардың кейбіреулері шетелдік терминнің құрылымын қабылдап, оны бөліп-бөліп дәйекті түрде аударарды, басқалары шетелдік терминнің мағынасын оның ішкі формасын алмай-ақ жеткізеді: 基因 [jīyīn] ген (тұқым қуалаушылықтың негізгі материалдық элементі), 移植 [yízhí] трансплантация (тіндерді трансплантациялау), 抗体素 [kàngtǐsù] қарсы дене, антидене (антигендерді енгізген кезде пайда болатын заттар).

Қысқарған сөздерді бөлек-бөлек ажыратуға болады. Күрделі сөздер медициналық мәтіндерді қабылдау үшін қиындықтар туғызады, өйткені олар әртүрлі тәсілдермен құрастырылған. Сондықтан, сөздіктерден терминнің толық және қысқартылған екі нұсқасын да табуға болады. Қысқарған сөздердің мысалдары:

脱氧核糖核酸 [Tuōyǎng hé táng hé suān] дезоксирибонуклеин қышқылы = 脱氧核酸 [Tuōyǎng hé suān] ДНҚ,

心动电流图 [xīndòng diànliú tú] электрокардиограмма = 心电图 [xīn dòng diàn liú tú] 流行性感 冒 [liú xíng xìng gǎn mào] эпидемиялық тұмау = 流感 [liú gǎn] тұмау, 超声回波描记术 [chāoshēng huíbó miáojìshù] ультрадыбыстық эхография = 超声检查 [chāoshēngjiǎchá], 获得性免疫系统缺损综合症 [Huòdé xìng miǎnyì xìtǒng quē sǔn zònghé zhèng] Жүргізілген иммунитет тапшылығы синдромы = 艾滋病 [àizībìng] СПИД (AIDS) [11].

Қорытынды

Қазіргі әлемдегі медицина терминдері адамзат денсаулығы мен өмірі үшін маңызды болғандықтан өте сұранысқа ие. Адам денсаулығына байланысты материалдар мемлекеттің қандай ел екеніне және оның экономикалық және саяси жағдайына қарамастан маңызды саналады. Медициналық терминологияны аудару барысында маман осы салаға байланысты ерекшеліктерді білуі және ескеруі қажет. Медициналық терминдердің атаулары мен аудармасына қатысты зерттеулер барабар аударма жасауға қол жеткізуге бағытталған және көптеген мәселені шешуге ықпал етеді. Өйткені медициналық терминологияның ауқымы артып келеді. Анықтамалық әдебиеттерде қытай терминдеріне қазақ, орыс тілдерінде сәйкестікті табу әрдайым мүмкін бола бермейді.

Қытай тілінің терминжасам дәстүрінің тарихы терең. Сондықтан қазіргі терминдерде көне терминдердің элементтері сақталған. Дегенмен, терминология тіл білімінің саласы ретінде жас ғылым болып табылады. Қытайда терминология, яғни 术语学 [shùyǔxué] тек ХХІ ғасырдың басында ғылыми пән мәртебесіне ие болды. Сол себепті әлі күнге дейін жас ғылымдардың бірі болып табылады. 术语 [shùyǔ] сөзінің өзі ғалым Ши Лицзянның тұжырымдамасы бойынша Жапон тілінен енген [12]. Қытай тілінен «терминология» және «терминтаным» ұғымдарын аударатын болсақ, екі ұғым да 术语学 деп аударылады. Сондықтан аудармадағы қателіктерден

аулақ болу үшін екі терминді: «терминтаным» 术语学, ал «терминологияны» терминдердің жиынтығы ретінде 术语总汇 [shùyǔzǒnghuì] деп аудардық.

Медициналық терминдер жасалу жолдарына, ауру атаулары, емдеу әдістеріне және тағы басқа қасиеттеріне байланысты топтастырылды.

Қытай тіліндегі медициналық терминдердің сөзжасамдық тәсілін зерттедік және терминдер мен терминологиялық сөз тіркестерінің көпшілігі қосу мен жалғау арқылы жасалатынын анықтадық, олардың жүйеленуі қытай тіліне жаңа терминдерді аударудың әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Очиров О. Р. Терминология современного китайского языка / О. Р. Очиров // Ученые записки ЗабГГПУ, Серия: Филология, история, востоковедение. – 2009. – №3. – 288 с.

[2] Фролова О.П. Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка. Монография / О.П. Фролова. – М.: Восточная книга, 2011. – 168 с.

[3] Семенас А.Л. Лексика китайского языка: монография / А.Л. Семенас. – М.: Восток-Запад, 2005. – 288 с.

[4] Белоусов П. В. 简明汉俄中医辞典. Краткий китайско-русский словарь-справочник терминов китайской медицины. – Алматы, 2008. – 212 с.

[5] Сы Хуайчжу. Справочник по лекарствам китайской медицины. – М: Муравей, 2003. – 592 с.

[6] Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі: Орысша–қазақша–ағылшынша (40 мыңға жуық термин). – Алматы: Дайк –Пресс, 2009. – 800 б. [In Kaz.]

[7] 汉俄医学大词典. Китайско-русский медицинский словарь. –北京: 人民卫生出版社, 1990. – 1802页.

[8] Горелов В.И. Лексикология китайского языка. – М.: Просвещение, 1984. – 216 с.

[9] 马华. 汉俄医学大词典 (第2版) 人民卫生出版社. 2015年.

[10] 符淮青. 现代汉语词汇. 北京大学出版社/ Фу Хуайцин. Лексика современного китайского языка. – Пекин, 2005. – 258 с.

[11] 文海. 试论中医基础理论名词术语英译的标准. 中国中西医结合杂志1995; 15(1): 49.

[12] 杨伊凡. 中医术语英译标准化讨论. 中国中西医结合杂志 2004 ; 24 (6) 569.

REFERENCES

[1] Ochirov O. R. Terminologiya sovremennogo kitayskogo yazyka / O. R. Ochirov // Uchenyye zapiski ZabGGPU, Seriya: Filologiya, istoriya, vostokovedeniye. – 2009. – №3. – 288 с. [In Rus.]

[2] Frolova O.P. Slovoobrazovaniye v terminologicheskoy leksike sovremennogo kitayskogo yazyka. Monografiya / O.P. Frolova. – М.:Vostochnaya kniga, 2011. – 168 s. [In Rus.]

[3] Semenas A.L. Leksika kitayskogo yazyka: monografiya / A.L. Semenas. – М.: Vostok-Zapad, 2005. – 288 s. [In Rus.]

[4] Belousov P. V. Jian ming han e zhong yi ci dian. Kratkiy kitaysko-russkiy slovar'-spravochnik terminov kitayskoy meditsiny. – Almaty, 2008. – 212 s. [In Rus.]

[5] Sy Khuaychzhu. Spravochnik po lekarstvam kitayskoy meditsiny. – М: Muravey, 2003. – 592 s. [In Rus.]

- [6] Axmetov M. Medicinalik terminder sozdigi: Orisha–qazaqsha–agılsınsha (40 mında juyk termin). –Almaty: Dayk –Press, 2009. – 800 bet. [In Kaz.]
- [7] Han e yi xue da ci dian. Kitaysko-russkiy meditsinskiy slovar'. –Beijing: renminwei sheng chu ban she, 1990. – 1802 ye. [In Chn.]
- [8] Gorelov V.I. Leksikologiya kitayskogo yazyka. – M.: Prosveshcheniye, 1984. – 216 s. [In Rus.]
- [9] Ma Hua. Han e yi xue da ci dian (di 2 bǎn) ren min wei sheng chu ban she. 2015 nian. [In Chn.]
- [10] Fu Huaiqing. Xian dai han yu ci hui. Beijing da xue chu ban she / Fu Khuaytsin. Leksika sovremennogo kitayskogo yazyka. – Pekin, 2005. – 258 s. [In Chn.]
- [11] Wen Hai. Shi lun zhong yi ji chu li lun ming ci shu yu ying yi de baio zhun. Zhong guo zhong xi yi jie he za zhi 1995; 15(1): 49. [In Chn.]
- [12] Yang Yifan. Zhong yi shu yu ying yi biao zhun hua tao lun. Zhong guo zhong xi yi jie he za zhi 2004 ; 24 (6) 569. [In Chn.]

СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПЕРЕВОД МЕДИЦИНСКИХ ТЕРМИНОВ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА

*Досымбекова Р.О.¹, Джельдыбаева Р.Б.², Нұржаубек А.³, Ибраимова А.Р.⁴

¹PhD, ст. препод. кафедры китаеведения Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail: rauan-d@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

² канд.фил. наук, доцент КазУМО и МЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан,
e-mail: nawrao@mail.ru

³ магистр, ст. препод. кафедры перевода восточных языков, КазУМО и МЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан,
e-mail: nurzhaubekainur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6097-0891>

⁴ докторант кафедры китаеведения факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан,

e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5487-8765>

Аннотация. В данной статье затрагивается проблема словообразования и перевода в китайском языке, в том числе трудности, с которыми мы сталкиваемся при переводе китайских медицинских терминов на казахский язык, и способах их образования. При этом рассматриваются основные приемы словообразования, относящиеся к терминологии китайского языка, дифференцируются виды грамматических связей в словообразовании. Выделены пять типов грамматических связей между компонентами лексического комплекса, каждый из которых объяснен отдельными примерами.

В словообразовании современного китайского языка способ аффиксации является вторым методом. Также считается подход, объединяющий аффиксы в основные морфемы. В статье классифицирована роль аффиксов в терминологии, определены пути проникновения терминологической интеграции в сферу китайской медицины и приведены отдельные примеры. Практически все приведённые примеры, связанные с образованием и переводом медицинских терминов, состоят из сложных слов, аббревиатур.

Сегодня медицина относится к ряду наук, которые требуют изучения из-за важности для здоровья и жизни человека. Материалы, касающиеся здоровья человека, актуальны независимо от экономической и политической ситуации любой страны. При переводе

медицинской терминологии специалисту необходимо знать и учитывать ряд словообразовательных особенностей, относящихся к данной области.

Изучение номинации и перевода медицинских терминов способствует качественному переводу, способствуя решению многих прикладных задач.

Изученных работ по медицинской лексике достаточно. Наша цель – грамотное усвоение терминов и лексических единиц, их семантики, видов создания. Таким образом, концепции и результаты, собранные в ходе исследования, позволили определить наиболее продуктивные подходы и методы терминообразования.

В исследовательской работе рассмотрены этимологические и семантические аспекты, морфологическая и синтаксическая структура медицинских терминов в китайском языке. Полученные в ходе работы выводы способствуют упрощению процесса перевода.

Результаты исследования приносят пользу специалистам, изучающим медицинскую терминологию китайского языка, филологию китайского языка и переводоведение. Также для студентов вузов специальностей «Иностранная филология (восточные языки)», «Переводческое дело (восточные языки)» «Востоковедение» и преподавателей китайского языка.

Ключевые слова: китайский язык, медицинский термин, компонент, китайская медицина, словообразование, семантический метод, перевод, аффикс, суффикс

CREATION AND TRANSLATION OF CHINESE MEDICAL TERMS

*Dossymbekova R.O.¹, Jeldybayeva R.B.², Nurzhaubek A.³, Ibraimova A.R.⁴

*¹PhD, Al-Farabi Kazakh National University, senior lecturer of the Department of Sinology, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: rauan-d@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

²Cand. Phil. Sc., Docent, Ablai khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: nawrao@mail.ru

³Master, senior lecturer of the Department of Translation of Oriental Languages at Ablai khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: nurzhaubek-ainur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6097-0891>

⁴PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Department of Sinology, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5487-8765>

Abstract. The article describes the problems of word formation and translation in Chinese, including the difficulties encountered during the translation of Chinese medical terms into Kazakh and their methods. At the same time, the main methods of word formation related to the terminology of the Chinese language are considered, and the types of grammatical connections in word formation are differentiated. Five types of grammatical connections between the components of the lexical complex were highlighted and each of them was explained with individual examples.

In modern Chinese word formation, affix formation is the second method. At the same time, it is considered a way of combining affixes into basic morphemes. The article classifies the functions of affixes in terms, identifies the ways in which terms entered the field of Chinese medicine, and gives examples. Almost all examples related to creating and translating medical terms consist of complex and shortened words.

Today, medical research occupies an essential place in scientific research because of its importance to human health and life. Regardless of the economic and political situation in each country, materials related to human health are relevant. When translating medical terminology,

experts should be aware of and take into account a number of phrasal features relevant to the field. Studying the nomenclature and translation of medical terms helps to complete high-quality translations and helps solve many application problems.

There are enough researched works on medical vocabulary. However, our goal is to master the terms and lexical units and their semantics, and forms of construction. Therefore, the concepts and results collected during the research made it possible to determine the most productive ways and methods of term creation.

The research work considered the etymology and semantic, morphological, and syntactic structures of Chinese medical terms. The conclusions drawn from the work will help to simplify the translation process.

The findings will be helpful for experts in Chinese medical terminology, Chinese philology, and translation. In addition, it is aimed at students majoring in Foreign Philology (Oriental Languages), Translation Studies (Oriental Languages), and Oriental Studies, as well as Chinese teachers in colleges and universities.

Keywords: Chinese language, medical term, component, Chinese medicine, word formation, semantic method, translation, affix, suffix

Статья поступила 16.01.2023